



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ



№6 5 наурыз 2020 жыл

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

Ұлы Абайдың 175 жылдығы 7



13.02.2020 ж. Колледжде Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған «Абай – дана, Абай – дара қазақта!» колледжішілік байқау өткізілді. «Болашаққа Абай болып аттанамын.....» Абайдың қара сөздерін, өлеңдерін, өз тандауы бойынша мәнерлеп жатқа айту номинациясы бойынша бас жүлдені «Мейіргер ісі» бөлімі, 204 топ студенті Сейітхан Серікхан, II орынды «Мейіргер ісі» бөлімі, 207 топ студенті Отарғали Айдана, III орынды «Мейіргер ісі» бөлімі, 205 топ студенті Камал Жемісай иеленді. «Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар» Абайдың әндерін орындау атты номинациясы бойынша бас жүлдені «Мейіргер ісі» бөлімі, 106 топ студенті Кенжеш Дариға, II орынды «Мейіргер ісі» бөлімі, 103 топ студенті Масабаева Махаббат, III орынды: «Мейіргер ісі» бөлімі, 104 топ студенті Жүсіпова Ұлдана. «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп.....» номинациясы аясында ақын өмірінен, ақын поэмалар негізінде өздері дайындаған сценарийлері арқылы қойылым бойынша бас жүлдені «Мейіргер ісі» бөлімі, 106 топ, II орынды «Мейіргер ісі» бөлімі, 103 топ, III орынды: «Мейіргер ісі» бөлімі, 104 топ студенттері иеленді.



21.02.2020 ж. Колледжде кітапхананың ұйымдастыруымен Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай 103 топ студенттерімен бірге Президент Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы аясында «Батыратын неше алуан сезімге, күдірет бар ұлы Абай сөзінде» атты әдеби-сазды кеш өткізілді.

Дәрістер 8



12.02.2020 ж. Колледждің тәрбие бөлімі мен Жастар денсаулық орталығымен бірлесе отырып, «Қазіргі контрацепция тәсілдері», «Отбасындағы зорлық – зомбылық» тақырыптарында дәріс өтті. Қатысқандар: Жастар денсаулық орталығының психологы: Нұрланова А.Н., Жастар денсаулық орталығының гинекологы: Қалдыбай М.Ж., Әлеуметтік педагог: Буксукбаева А.А., «Балауса» қыздар клубының жетекшісі: А.Н. Оскенбаева.



17.02.2020 ж. Колледждің психологиялық қызметі мен Жамбыл облыстық психикалық денсаулық орталығымен бірлесе отырып, Жамбыл облыстық психикалық денсаулық орталығының дәрігер психиатры Д.Д. Кенжалиев, колледж психологы А.Н. Оскенбаева қатысуымен «Стресс және оның шығу жолдары», «Қақтығыс және оның түрлері мен келіп шығу себептері, факторлар» тақырыбында дәріс өткізілді.

Онлайн семинар 10



07.02.2020 ж. АҚ «Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясының» Жоғары медициналық колледжінің ұйымдастыруымен Шымкент қаласы «Жоғары медициналық колледжі» базасында «Фармация» мамандығы бойынша алғашқы ОӘБ отырысының өткізілді. ОӘБ отырысының күн тәртібінде «Фармация» мамандығы бойынша ОӘБ жылдық жоспарын талдау және бекіту, сонымен қатар кредитті-модульды технология бойынша онлайн семинар көрсетілді. Ашық іс-шараға колледж директорының оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары К.Т.Андакулова, фармацевтикалық пәндер оқытушылары қатысты.

Презентация байқауы 11



29.02.2020ж. Колледжде «Туған жер» жобасы аясында «Туған өлкем, қандай көркем» тақырыбында презентация байқауы өткізілді. Әділ-қазы мүшелері: колледж әдіскері Л. К. Батаева, «Мейіргер ісі» бөлімінің меңгерушісі Ж.Б.Қалымбетова, №2 жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері ЦӘК меңгерушісі Н.Ж. Абдраимова. Әділ-қазылар шешімі бойынша бас жүлде - 202 топ студенті Тоқанова А., I орын - 102 топ студенті Елеусізова А., 2 орын - 204 топ студенті Орынбасар А., 3 орындар - 204 топ студенті Тәліпбек А., 104 топ студенті Абдыхаева Қ. иеленді. 102 топ студенті Жапсарбай А., Нұржан А., 104 топ студенті Аязбаева А., 204 топ студенті Каненова А, Мырзақұл А. алғыс хатпен марапатталды.

Құттықтаймыз 13



Жамбыл жоғары медициналық Колледжі «Үздік қазақстандық – 2019» Жалпыұлттық жобасына қатысып, «Үздік білім орталығы» айдарында колледж жетістіктері туралы мақала жарияланып, үздік білім беру мекемесі деп танылды.



БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

- Жамбыл жоғары медициналық колледжінің құрылған күні 1
- Шығармашылық есеп 2
- Аттестация комиссиясының жұмысы 3
- Ашық сабақтар 4
- Облыстық семинар - практикум 5
- 8 - наурыз Халықаралық әйелдер күні 6
- Ұлы Абайдың 175 жылдығы 7
- Дәрістер 8
- Онлайн семинар 9
- Презентация байқауы 10
- Құттықтау 11

Біздің мекен жайымыз: Тараз қаласы, Ниятқалиев көшесі №20, Жамбыл жоғары медициналық колледжі. Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

№6 5 наурыз 2020 жыл бейсенбі

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

№6 5 наурыз 2020 жыл бейсенбі



Облыстық семинар - практикум

5



28.02.2020 ж. Колледжде Ұлы жеңістің 75 жылдығына орай АӘД пәнінің оқытушы, қосалқы құрамдағы аға лейтенант Ж.Бегалиев және құқық бұзышылықтың алдын алу жұмысының меңгерушісі қосалқы құрамдағы аға лейтенант Р.Усенов

"Жас ұрпақтың бойына әскери-патриоттық сезім мен алғашқы медициналық көмек көрсетуді қалыптастырудағы АӘД пәнінің рөлі" тақырыбында облыстық семинар-практикум өтті. Семинар-практикум АӘД оқытушыларын саптық тексерістен өткізуден басталды, алғы сөз директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Т. Қуанышбековаға берілді. Қонақтарды колледж тыныс-тіршілігімен таныстырды. Бағдарламаға сәйкес "Материальная часть автомата и пулемета Калашникова. Осмотр АК и подготовка к стрельбе. Возможные задержки при стрельбе и способы их устранения" тақырыбында «Мейіргер ісі» бөлімінің 108 С-9/19 топ студенттерімен ашық сабақ өткізді. «Жаралану, қан кету және күйген кезде көрсетілетін алғашқы медициналық көмек. Қан кетуді тоқтату, таңғыш салу құралдары мен түрлері. Сүйектің сынуы, жаракатты алғашқы өңдеу, соғып алу, буынның шығуы кезінде көрсетілетін алғашқы медициналық көмек» шеберлік-класс көрсетті. Семинар – практикумды Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының "Ғылыми – тәжірибелік дене шынықтыру орталығы" ғылыми қызметкері І.Есболов, Жамбыл облысы Қорғаныс істер департаменті жасақтау басқармасының нұсқаушы-сержанты аға сержант Е.Қаншымбеков қорытындылап, Жамбыл облысының Қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығы полковник Е.Жабықбаев Ұлы Жеңістің 75 жылдығына лайықты қарсы алу мақсатында бастапқы әскери дайындық пәнінің ұйымдастыру және жүргізуге жауапты лауазымды тұлғалармен облыстық І күндік оқу-әдістемелік жиын өткізуге қосқан үлесі үшін және жастардың Отансүйгіштікке баулу, олардың бастапқы әскери дайындығы тәжірибесін арттырудағы елеулі еңбегі үшін колледж директоры Ж.Н. Сарыбековаға Алғыс жариялады. Ұлы Жеңістің 75 жылдығына және ҚР Қарулы Күштерінің 28 жылдығына орай колледж бастапқы әскери дайындық пәнінің оқытушы – ұйымдастырушысы Ж.Б. Бегалиев, Р.Б. Усенов жастарға әскери – патриоттық тәрбие беру және әскери оқу орындарына оқуға кәсіптік үгіт – насихат жұмыстарын жүргізудегі еңбегі үшін Грамотамен марапаттады.

8 - наурыз Халықаралық әйелдер күні

6



Құрметті Жамбыл жоғары медициналық колледжінің ханымдары! Сіздерді 8-наурыз халықаралық әйелдер күнімен ыстық ықылас пен құттықтаймыз! №4 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндер ЦӘК ұйымдастырумен «Сарқылмайтын жылылық- Ана есім ұлылық» атты мерекелік іс-шара өтті. Мерекелік іс-шараны колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова барша әйелдер қауымын мерекемен шын жүректен құттықтау сөздерімен ашты. Іс-шарада әсем ән шырықалып, би биленді. Колледж ұжымы көтеріңкі көңіл-күймен тарқасты.



12.02.2020 ж. №1 Жалпы білім беру және жаратылыстану ғылыми пәндері ЦӘК оқытушысы А.К. Құдайбергенова «Мейіргер ісі» бөлімінің 203 топ студенттерімен «Информатика» пәні бойынша Microsoft Power Point программасы туралы негізгі түсінік. Презентация құру техникасы: слайдтар мен шаблондар безендіру» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: студенттердің Microsoft Power Point программасы туралы негізгі түсініктерін молайту; презентация құру техникасын үйрету, слайдтар мен шаблондар безендіруді көрсету; алған білімдерін сабақ барысында пайдаланып, білімдерін жетілдіру, сабақта «Pickers», «Quizlet», «QR Coder» бағдарламалары бойынша АКТ әдістерін қолдана отырып, интерактивті оқыту технологиясының элементтері арқылы сабақтың мақсатына жету, әр түрлі сұрау әдістерін қолдану арқылы студенттердің білімін тексерді. Ашық сабақ жақсы деңгейде өтті.



13.02.2020 ж. №1 Жалпы білім беру және жаратылыстану ғылыми пәндер оқытушысы Д.Н. Токсанбаева «Емдеу ісі» бөлімінің 318 топ студенттерімен «Электродинамическая биофизика. Биофизические основы применения электродов и датчиков для получения медико-биологической информации» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Ашық сабақтың мақсаты: интерактивті технология әдісін қолданудың маңыздылығын көрсету; студенттердің өз беттерінше іздену жұмыстары арқылы кәсіптік шеберліктерін жетілдіруге, ғылыми көзқарасын қалыптастыруға ықпал ету; интерактивті тақтаны қолдану арқылы студенттердің белсенділігі мен қызығушылығын арттыру; пәнаралық және пәнішілік байланысты тереңдету; ақпараттық ізденіс қабілетін арттыру; пәнге деген қызығушылығын ояту. Ашық сабақ мақсатына жетті.



26.02.2020 ж. №1 Арнайы пәндер ЦӘК оқытушысы У.Е.Дуйсембаева «Емдеу ісі» бөлімінің 318 топ студенттерімен «Ішкі аурулар пропедевтикасы» пәні бойынша «Методы обследования больных с заболеваниями органов кровотока». Расспрос общий осмотр, пальпация, перкуссия, аускультация» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: студенттердің логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, өз мамандығына және пәнге деген қызығушылығын арттыру, оқу іздену, өзін-өзі дамыту, өз міндеттерін атқарғанда жауапкершілікке, ұқыптылық пен сабырлыққа тәрбиелеу, этика және деонтологиялық принциптерді сақтауға баулу. Ашық сабақ мақсатына жетті.



Аттестация комиссиясының жұмысы

3



04.03.2019 ж. Колледжде педагог қызметкерлерді аттестаттаудың қағидалары мен шарттарына сәйкес 17 оқытушы аттестациядан өтті. Аттестациялық комиссия төрайымы колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің Жамбыл облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің басшысы Б.К.Жарқынбеков, Жамбыл облысы білім басқармасының оқу-әдістемелік кабинет басшысының орынбасары Б.Х.Тәжібаев, №1 Қалалық балалар ауруханасының бас дәрігері Р.Б.Нұржанов, Ұлттық медициналық Палатасы ЖО филиалы директоры Т.К.Саурбаев, «ҚР Денсаулық сақтау қызметкерлерінің кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің Жамбыл облыстық филиалының төрайымы, директор оқу - тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Л.Т.Қуанышбекова, оқу-тәжірибе жұмысы жөніндегі орынбасары Қ.Т.Андақұлова, оқу-әдістемелік жұмысы меңгерушісі Ж.Б.Иманбекова қатысты. Комиссия шешімі Л.Т. Қуанышбекова, Ж.М. Кабирова жоғары біліктілік санатын растауға, Н.Ж. Абдраимова, Ж.Б. Бегалиев, Ж.Б. Қалымбетова, Л.Б. Саурбаева бойынша жоғары біліктілік санатына, Д.Н. Бекмурзаева, А.Д. Бахаева, А.А. Буксукбаева, М.Ж. Жакипова, А. Т. Көбегенова, А.К. Құдайбергенова, Д.А. Рысқұлбекова, Д.Н. Токсанбаева бірінші біліктілік санатына, А. Қ. Бағтөва, А.А. Бөпеева, Н.А. Қасымов екінші біліктілік санатына ұсынылды.

Ашық сабақтар

4




12.02.2020 ж. №2 Жалпы ЦӘК оқытушысы Көбегенова А.Т. «Биология» пәнінен «Мейіргер ісі» 112 М-9/19 топпен «Өзгергіштіктің негізгі формалары» тақырыбы бойынша ашық сабақ өтті. Сабақтың мақсаты: жаңа тақырып бойынша студенттерге өзгергіштік туралы, оның формалары модификациялық және мутациялық өзгергіштік туралы толық мәлімет беріп түсіндіру. Жаңа термин сөздерді 3 тілде дұрыс айтуға үйрету. Смарт технология: «Smart тақта», презентация, 3D бейнетаспа, «Smart kapp» тақтасы, Led-панел жабдықтар қолданылды. Сабақ өз мақсатына жетті.



12 ақпан - Жамбыл жоғары медициналық колледжінің құрылған күні

1



12.02.2020 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 84 жыл толуына орай волонтерлік орталықтың салтанатты ашылуы өткізілді. Орталықтың салтанатты ашылуына арнайы ҚР Сыбайлас Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департамент басшысының бірінші орынбасары – Р.К. Төлебаев, Жамбыл облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының №5 әлеуметтік қызметтер ұсыну орталығы директоры - М.А. Бердалиев, Онкологиялық науқастарды қолдау "Амазонка" қамқор фондының директоры - А.Г. Сарьян және №4 ,№2 арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы Жамбыл облыстық мүгедектерді оңалту және бейімдеу орталығының өкілдерін қонақ ретінде шақырылды. Кездесу барысында Елбасымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың " 2020 жыл волонтер жылы" деп жариялауына байланысты волонтерлардың осы уақытқа дейінгі атқарылған жұмыстарын, іс шаралары мен болашаққа құрып отырған жоспарларын атап өтті. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде 2013 жылдан бері "Жүректен жүрекке", "От сердца к сердцу" волонтерлік тобы жұмыс жасайды. Қазіргі таңда колледжде 200 волонтер бар. Волонтерлік орталықтың ашылу мақсаты студенттерге әр түрлі жобалар, жоспарларды талқылау, ашық кездесулер және студенттерге түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Бұл жұмыс жастардың бойында ізгілік пен мейірімділіктің, жауапкершілік сезімін қалыптастырады.

Шығармашылық есеп

2



21.02.2020ж. Жоғары санатқа өтініш білдірген колледж оқытушылары шығармашылық есеп берді. 1. «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдана отырып, студенттердің ойлау, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру» тақырыбында бірінші санатты оқытушы Н.Ж.Абдраимова, «Формирование необходимых военных знаний и практических навыков с использованием IT технологий» тақырыбында бірінші санатты АӘД пәні оқытушы Ж.Б. Бегалиев, «Тарих сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы студенттердің белсенді іс-әрекеттерін арттыру» тақырыбында бірінші санатты тарих пәні оқытушы Ж.Б. Қалымбетова. «Ағылшын тілі сабағында жаңа технологияларды АКТ-ны қолдану» тақырыбында бірінші санатты ағылшын тілі пәні оқытушы Л.Б. Саурбаева.